

Вебинар тақырыбы: Түйе шаруашылықтарындағы генетикалық қорлардың ерекшеліктері



ОБМЖОШҒЗИ
17.08.2022

Мақсаты: Түйе шаруашылығында генетикалық қорлардың ерекшелігі мен бағытындағы түйелердің өнімділігін арттыру үшін селекциялық-асылдандырудың тиімділігін арттыру

Міндеттері:

- Түйе шаруашылығында генетикалық қорларының ерекшеліктерімен таныстыру;
- Генетикалық қорлардағы өнімділігіне қарай түйелерді будандастырудың ерекшеліктері мен тәртібі;
- Генетикалық қордағы түйе малын асылдандырудың шарттарымен таныстыру.

Фермерлер үшін практикалық құндылығы

Генетикалық қордағы бүгінгі таңда түйе шаруашылығымен айналысатын фермерлер өнімділік бағытына қарай селекциялық-асылдандыру жұмыстарын тиімді пайдалануын игеру

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

ТЕЗИС	ЕГЖЕЙЛЕРІ
Генетикалық қор түйе тұқымдарын өнімділігіне қарай іріктеу	Бүгінгі таңда түйе шаруашылығында генетикалық қор технологиясын пайдалана бермейді.
Өнімділік бағытына қарай нақты түйенің генетикалық қоры мен тұқымдары іріктелмей келеді.	Өнімділік бағытына қарай түйелердің өнім сапасы мен оның құндылығы толық нарықта өз жолын таппай тұр.
Ет, жүн, сүт бағытындағы генетикалық қордағы түйе тұқымдарын тиімділігін арттыру.	Ет, жүн, сүт бағытындағы генетикалық қордағы түйе тұқымдарын тиімділігін арттыруда маңызы зор
Ет, жүн, сүт бағытындағы генетикалық қордағы түйе тұқымдарының ішіне жалпы Қазақстандағы өсіріліп отқан түйелер кіреді.	Ет, жүн, сүт бағытындағы генетикалық қордағы түйе тұқымдарының ішіне жалпы Қазақстандағы апробациядан өткен тұқымішілік аталық желі, зауыттық желілермен жұмыс істеу қажет.

РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ТҮЙЕ ТҰҚЫМЫНЫҢ ӨСУ ДИНАМИКАСЫ, 01.07.2022 Ж.

№	Облыстар	Бас саны
1	Ақмола	148
2	Ақтөбе	21 124
3	Алматы	9 283
4	Атырау	40 323
5	Батыс Қазақстан	2 294
6	Жамбыл	8 017
7	Қарағанды	1 847
8	Қостанай	270
9	Қызылорда	61 803
10	Маңғыстау	89 325
11	Түркістан	32 826
12	Шымкент қаласы	12
13	Павлодар	19
14	Солтүстік Қазақстан	9
15	Шығыс Қазақстан	654
16	Нұр-Сұлтан қаласы	0
17	Алматы қаласы	13
	Барлығы:	270 967

ӘЛЕМ БОЙЫНША ТҮЙЕ САНЫ 2016


Сомали	7 221 998	Афганистан	170 500
Судан	4 826 059	Египет	141 965
Кения	3 222 593	Туркменистан	126 379
Нигер	1 765 201	Западная Сахара	111 055
Чад	1 589 365	Иран	101 170
Мавритания	1 483 210	Ирак	72 408
Эфиопия	1 209 321	Джибути	70 996
Пакистан	1 041 428	Сирия	69 552
Мали	1 028 609	Ливия	62 125
Йемен	479 914	Катар	59 510
О.А.Э.	436 800	Марокко	58 000
Монголия	401 347	Буркина-Фасо	18 963
Алжир	379 094	Узбекистан	18 800
Эритрея	373 752	Иордания	14 610
К.Н.Р.	355 700	Кирибати	8 811
Китай (с Тайванем, Сянганом и Макао)	355 700	Россия	6509
		Израиль	5 508
Индия	333 677	Сенегал	4 964
Нигерия	279 802	Турция	1 543
Саудовская Аравия	24820	Бахрейн	1 073
Намибия	92	Украина	829
Таджикистан	48	Азербайджан	236
Оман	245 907	Киргизия	235
Тунис	237 114	Ливан	202
Казахстан	170 513	жалпы саны	12 049 312

Қазақстандағы түйе типтері мен популяциялары 2015жылғы

Түйе типтері мен популяциялары	Саны, бас	Орташа тірі салмағы кг		Сүт өнімі, тәуліктік, кг	Жүн түсімі кг	
		аталық	аналық		аталық	аналық
<i>Қазақ бактрианы</i>						
Қызылорда типі	20 000	690	620	6,1	12,5	6,5
Урал бөкей типі	28 500	850	720	6,2	13,5	7,0
Оңтүстік типі	16 000	650	560	5,2	10,5	6,0
Батыс популяциясы	20 500	720	650	5,6	13,0	7,5
Маңғыстау популяциясы	18 000	640	570	5,0	11,0	6,5
<i>Басқа тұқымдар</i>						
<i>Арвана</i>	23 470	525	495	10,0	5,5	4,2
<i>Қазақ дромедары</i>	3 773	660	530	9,5	6,0	5,3
<i>Гибридтер мен будандар</i>	39 757	875	695	5,5	11,5	6,7
Барлық түйе саны 170 000						

Түйе басының тұқымдық сипаттамасы 2015жылғы


Облыс	Барлығы	Түйелердің тұқымы және түрі, %						
		Қазақ бактрианы			дромедар			Гибрид және будан
		Жалпы басы	асыл-тұқымды	селекциялық	Жалпы басы	асыл-тұқымды	селекциялық	Гибрид
Ақтөбе	21124	80,0	30,0	70,0	-	-	-	20,0
Алматы	9283	17,8	-	17,8	82,2	-	82,2	-
Атырау	40323	67,6	30,0	70,	9,7	-	9,7	22,7
Жамбыл	8017	82,8	36,2	63,8	-	-	-	17,2
Батыс Қазақстан	2294	81,5	30,0	70,0	-	-	-	18,5
Қызылорда	61803	70,6	30,0	70,0	10,7	-	10,7	18,7
Манғыстау	89325	46,7	30,0	70,0	16,2	30,0	70,0	37,1
Түркістан	32826	71,2	30,0	70,0	13,7	53,0	47,0	15,1
Республика бойынша	170000	62,6	30,0	70,0	14,0	15,1	84,9	23,4



Түйе тұқымын асылдандырудың әдістері



ТҮЙЕНІ ҚОЛМЕН ЖӘНЕ ҚОНДЫРҒЫДА САУУ



Бүгінгі таңда Қазақстанда өсірілетін түйелердің генетикалық қоры жақсы сақталған. Атап айтар болсақ, 3 тип, 2 популяция, 2 тұқым, бірнеше зауыттық желілер өсірілуде. Республикамыздың Оңтүстік-Батыс облыстарында түйе өнімін жергілікті халық ет, жүн, сүт өнімдері дәстүрлі технологиямен тұтынуда. Түйе жүнінің түбітінен тоқылған шәлі, свитер дайындалса, сүтінен құрт, балқаймақ, шұбат дайындалуда. Түйе жүнінен дайындалған күпі, шалбар малшы үшін таптырмас киім.

Ата-бабаларымыз ертеде түйе сүтімен өркешін емдік ретінде түрлі ауруларға пайдаланған. Қолына шуданы тұзбен тартып таңса сол жердің ісігінің тез арада тарайтынын халық емінен білеміз.

Ұзын талшықты түйе жүнінен тоқылған маталар көбінесе жамылғы көрпе жасауға пайдаланылады.

Шудадан өндірістік жағдайда май ұстағыш салфеткалар және бұрғылау машиналарының ремендері дайындалады. Түйе жүнінен жасалған маталар мен бұйымдар өте мықты, созылғыш келеді. Ал ғарышкерлердің киімдерінің, бір тіні түйе жүнінен жасалатыны көбімізге әлі беймәлім. Айта берсек, түйе жүнінің өндірісте пайдаланылмайтын жері кемде-кем.

И.Н.Чашкиннің (1938) зерттеуі бойынша №88 Орда түйе зауытының қазақы інгендерінің орташа жүн өнімділігі 5,89 кг, жас түйелерінікі 1 жасында - 3,55 кг, екі жасында 4,5 кг болған.

И.Жұмагұлов (1969) зерттеу жұмысында Оңтүстік Қазақстан облысында № 125 түйе зауытындағы қазақы түйелердің жүн өнімділігінің жасы мен жынысына байланысты 3 жасына дейін көбейетіндігін, ал 4 жасында керісінше азаятындығын, содан кейін 5 жастан 9 жас аралығында бірқалыпты болатындығын дәлелдеген.

С.М. Терентьев (1964) Астрахань облысындағы қалмақ тұқымы інгендерінің орташа жүн өнімділігі 5,7 кг және оның 4,5 кг-нан 10 кг аралығында ауытқитынын айтады.

В.А. Кулаеваның (1966) дерегі бойынша 1 жастағы қалмақ тұқымының ұрғашы тайлақтарының жүн өнімділігі 6 жасар сақа түйелердің жүн өнімділігінің 66, 5% құраса, 2 жасында - 83,0%, 3 жасында - 90,7% құрайды.

В.В. Донченко (1963), В.А. Бабушкина (1938), А.Я. Окороков (1968), И.Жұмағұлов (1969) зерттеулері бойынша жалғыз өркешті (дромедар) түйелердің жүн өнімділігі қос өркешті (бактриан) түйелерге қарағанда 2-3 есе кем. А.Я. Окороковтың дерегі бойынша түркімен аруана түйесінің сақа інгендерінің жүн өнімділігі орта есеппен 2,1 кг.

И.Жұмағұлов, А.А. Ахмадиев (1969) еңбектерінде тұраралық түйелер будандарының жүн өнімділігі екі (бура мен інген) тұқымның жүн өнімділігінің аралығында болатындығы дәлелденген.

Жүн өнімділігі малдың жасы, жынысы, бағып-күту жағдайымен қатар оның генотиптік айырмашылығына, әсіресе тұқымдық ерекшеліктеріне байланысты болатындығын біз тәжірибе арқылы дәлелдедік.

Соңғы жылдары қалмақ және қазақы буралар 11,1-11,7 кг жүн берді. Кестеден жүн өнімділігінің түйе жасына байланысты көбейетіндігі көрінеді. Қазақы тұқымның сақа буралары мен інгендерінің жүн өнімділігі өздерінің 3 жасар кезіндегіден 4,2 және 1,3 кг көбейсе немесе 60,9 және 30,2% болса, 2 жасар кезіндегіден тиісінше 6,0 және 2,5 кг немесе 117,6 және 80,6% көбейеді.

Қорыта келгенде, будан түйелердің жүн өнімділігінің таза қанды қазақы түйелермен салыстырғанда артық болу себебі түйе тұқымның, әсіресе жүндес келетін қалмақ бураларының әсері деп болжам жасауға болады.

Түйенің жүн өнімділігі оның физиологиялық жағдайына да байланысты. Буаз інгендердің жүн өнімділігі боталы інгендерден 25 — 30% көп болады. Бұл боталы інгендердің организмінде азық мөлшерінің бірсыпыра деңгейі сүт өндіруге жұмсалатындығынан деп түсінуге болады.

Түйенің жүн өнімділігі оның морфологиялық құрамы жағынан үш түрлі талшықтардан тұрады: түбіт, аралық қылшық және қылшық.

Академик А.И.Николаевтың (1933) айтуынша, әр жүн талшығының өзара қатынаста болуы мал тұқымының белгісі және ол тұқымды класқа бөлген кезеңде шешуші роль атқарады.

В.А. Кулаеваның (1967) зерттеуі бойынша будан түйелердің жұмсақ, жүн деңгейінің орасан көп мөлшері олардың бір жасында анықталды. Жұмсақ, жүн мөлшері 4 және одан да үлкен жасында жалпы жүн өнімділігінің 63,4% құраса, 3 жасында -63%, 2 жасында — 75,4%, ал 1 жасында - 75,5% құрайды.

И.К. Жұмағұловтың (1969) таза түйе тұқымының және олардың будандарының жүн талшықтарының фракциясын олардың жастарына байланысты зерттеулерінде жүннің түбіт талшықтарының деңгейі жалғаз өркешті түйелерде — 84,0-94,5% болса, қос өркештерде — 93,0-95,3%, ал әртүрлі шағылыстырудан алынған будандарда және ұрпақтарында — 93,2-97,0% болды.

Б. Лувсан (1971) моңғол түйесінің жүн талшықтарын зерттей келе олардың жастары ұлғайған сайын түбіт талшықтары санының керісінше көбейетіндігін, сөйтіп жүннің қатая түсетіндігін мәлімдейді.

Ғылыми еңбектерден деректерден байқағанымыздай, қос өркешті түйелер жүнінде жалғыз өркешті түйелер жүнімен салыстырғанда түбіт талшықтары көп болады.

Әр түрлі түйе тұқымдарында жүн талшықтарының ұзындығы әр түрлі болады, ол денеден жүннің өсуіне тығыз байланысты. Мысалы, қос өркешті түйелер мойынының астыңғы және үстіңгі жақтарында өсетін шуда жүн ұзын қылшықты болып келеді. Жалғыз өркешті түйеге тән жауырын тұсындағы төмпешік жүн қос өркешті түйелерде болмайды да, оған керісінше оларда жіліншік тұсында ұзын қылшықты жүн өседі (галифе). Осындай жүн талшықтары өркештің ұшында да болады да, қалған жерлерінде жұмсақ түбіт жүндер өседі. Жалғыз өркешті аруана түйелері ыстық жерлерге бейімделгендіктен олардың жүн өнімдері жұқалтаң болып келеді.

Жалғыз қос өркешті және олардың будан тайлақтарының түбіт талшықтарының қалыңдығы Э.А. Бекназаров, М.М. Даришев, Т.Т. Кенжебековтердің (1982) зерттеулері бойынша 15,28 - 15,63 мкм болса, С.М. Терентьевтің (1963) дерегі бойынша қалмақ түйесінікі - 16-18 мкм, ал қазақы түйеде - 16-20 мкм (И.Н. Чашкин, 1938), Б. Лувсанның (1976) айтуынша моңғол түйесінде 14,34—20,8 мкм болады.

Әдетте, жүн талшығында құрылысында және оның сапалық көрсеткіштерінде түйенің тұқымы, жасы, жынысы, бағып-күту технологиясы басты фактор болып есептеледі.

Зерттеу материалы ретінде қалмақ және қазақы сақа буралары, қазақы тұқымның інгендері және 1-3 жас аралығындағы таза канды және будан түйелердің жүн үлгілері алынды.

Зерттелген түйе топтарының жүн талшықтарының құрылымын сараптау нәтижесінде тұқымдық, жыныстық және жас аралық ерекшеліктер анықталды.

Кестеден байқайтынымыз түбіт талшықтарының қазақы түйелердің жүнінде қалмақ түйелерінің және тұқым аралық будан түйелердің жүнінен көрптеу екендігі.

Сондай – ақ түйе жүніндегі түбіт талшығының мөлшері түйенің жасы ұлғайған сайын кеми беретіндігін, ал аралық қылшық және қылшық талшықтары керісінше көбейе түсетіндігін аңғаруға болады.

Ең көп түбіт талшықтары (95,1%) қазақы тұқымының тайлақ жүндерінде болады.

ҚАЗАҚСТАН ТҮЙЕЛЕРІНІҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ

Тұқымы

Қазақ бактрианы

Түрлері

Оңтүстік-Қазақ

Орал-Бөкей

Қызылорда

Маңғыстау

Каспий маңы

Популяциясы

Қазақ аруанасы

Аруана

Помеси

Нар

Инер-мая

Коспак

Кез-нар

Қурт

Қурт-нар

Бестароңғыл зауыттық типі аруана тұқымы

Зауыттық типтер

Тәліп-1

Сакон-бура 41

Ақбасты-29

Таушық бура

Атырау бура

Нурбол-9

Ақмоншак

Куланды бура

Жол-тұр


Жапар бура

ОЛАРДЫ ӨНІМДІ ТҮЙЕ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ

ҚАЗАҚ БАКТРИАН ТҰҚЫМЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ



Орал-Бөкей типі Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының далалық аймағында және Атырау облысының құмды аудандарында шоғырланған. Еркектердің орташа тірі салмағы - 850 кг (Ең жақсысы - 1100 кг), аналықтары - 720 кг. еркектердің құрғақ жерлеріндегі биіктігі - 198 см, аналықтары – 192 см. ерлердегі жылдық шаш қию - 10 кг, аналықтары - 6,5 кг.



Қызылорда типі Қызылорда және Қарағанды облыстарында кең таралған. Еркектердің орташа тірі салмағы - 690 кг, аналықтары - 620 кг. еркектердегі құрғақ жерлердің биіктігі - 184 см, аналықтары - 179 см өндірушілердің орташа жүн түсімі - 8,5 кг, түйелер - 5,7 кг.




Оңтүстік Қазақстан типі Түркістан, Жамбыл, Алматы және Маңғыстау облыстарында кең таралған. Еркектердің орташа тірі салмағы - 650 кг, аналықтары - 560 кг. еркектердің құрғақ жерлеріндегі биіктігі - 178 см, аналықтары - 170 см. еркектердегі орташа шаш қию - 12,0 кг, аналықтары - 7,0 кг.

МАҢҒЫСТАУ ПОПУЛЯЦИЯСЫ



Маңғыстаудағы қазақ бактриан түйелерінің популяциясы Маңғышлақ түбегінде тарала бастады. Жалпы саны 7800 бас. Еркектердің орташа тірі салмағы 640 кг, аналықтары 570 кг. Екі зауыт желісі бар.



КАСПИЙ МАҢЫ ПОПУЛЯЦИЯСЫ



Қазақ бактрианының Каспий маңы популяциясы Атырау облысының Жылыой, Махамбет және Индер аудандарында кең таралған. Саны шамамен 15 500 бас. Еркектердің орташа тірі салмағы 720 кг, аналықтары 650 кг. Екі зауыт желісі бар.

Бактриан қазақ тұқымының өнімділігі бойынша мамандандыру



Етті-жүнді. Еркектердің орташа тірі салмағы-750 кг, аналықтары-650. Еркектердегі құрғақ жерлердің биіктігі-184 см, аналықтары-180 см. Ересектердегі шаш қию жылына 8-15 кг құрайды және жасына және жынысына байланысты. 12 ай лактация кезінде сауын-920 кг, майлылығы-5,2%. Еркектерде орташа сою өнімділігі-58%, ұрғашыларда-56%.




Етті-сүтті. Еркектердің орташа тірі салмағы-670 кг, аналықтары-580 кг. еркектердегі құрғақ жерлердің биіктігі-179 см, аналықтары-173 см. Ересек еркектердегі шаш қию-8 кг, аналықтары-5,4 кг. Лактацияның 12 айында аналықтарды сауу-1450 кг, май мөлшері-5,4%. Еркектерде орташа сою өнімділігі-55%, ұрғашыларда-53%.



Сүтті. Еркектердің орташа тірі салмағы-720 кг, аналықтары-590 кг. Еркектердегі құрғақ жерлердің биіктігі-182 см, аналықтары-178 см. Ересек еркектердегі шаш қию-12,5 кг, аналықтары-6,0 кг. Лактацияның 12 айында аналықтардың саууы орташа есеппен 1750 кг, май мөлшері-5,6%. Орташа сойыс шығымы еркектерде-52%, ұрғашыларда-48%.

"АҚБАСТЫ 29" ЖЕЛІСІ

Қызылорда облысы жағдайында (Арал ауданы "Құланды" ЖШС) Қызылорда типті қазақ бақтрианы тұқымының "Ақбасты 29" зауыттық желісі шығарылды. Зауыт желісінің еркек өндірушілерінің орташа тірі салмағы 850 кг, жүн қырқымы 16,5 кг, таза талшық өнімділігі 97%, сою өнімділігі 57% құрайды. Зауыт желісінде 4 аналық отбасы құрылды: "Зере", "Каукей инген", "Ақниет" және "Барсакелмес инген".



"ҚҰЛАНДЫ БҰРА" ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Қызылорда облысы жағдайында (Арал ауданының "Құланды" ЖШС) "Құланды-бура« зауыт желісі шығарылды. Зауыт желісін өндірушілердің тірі салмағы орташа есеппен 740 кг, жүн түсімі 12,5 кг, таза талшық өнімділігі 96% құрайды. "Маржан инген" және "Гаухар инген« желішілік өсіруге арналған 2 аналық отбасы құрылды.



"САКОН БУРА 41" ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Қызылорда облысы жағдайында (Арал ауданының "Құланды" ЖШС) Қызылорда үлгісіндегі қазақ бактрианы тұқымының "Сакон-бура 41" зауыттық желісі шығарылды. Тұқымдық бұрғының тірілей салмағы орта есеппен 790 кг, жүн қырқымы 11,9 кг, таза талшықтың шығымы 92% құрайды, "Сакон-бура 41" зауыттық желісінде 2 аналық тұқымдастар: "Мейрамгүл 17" және "Еренжан 59" өсірілді.




«НУРБОЛ 9» ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Түркістан облысы жағдайында (Созақ ауданы, "Сенім" ШҚ және "Нұрбол" ШҚ) "Нұрбол-9" зауыт желісі шығарылды. Орташа алғанда, тұқымдық түйелердің тірі салмағы 760 кг, шаш қиюы 13,2 кг. Аналық тұқымдастардан шыққан түйелер орташа салмағы 602 кг, жүн қырқу 6,7 кг, таза талшықтың шығуы 95% құрайды. "Қоңыр-інген", "Боз-інген" және "Қара-інген" 3 аналық отбасы өсірілді.



«АҚМОНШАҚ» ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Түркістан облысы Созақ ауданының "Бағдат" , "Маметханов Е." және "Тасты" шаруа қожалықтарында қазақтың бактриан ақ түсті "Ақмоншақ" аталық желісі шығарылды. Аталықтар 950кг, аналық түйелердің тірі салмағы 700 кг, жүні түсімі-7,5 кг. Барлық жануарлардың ақ түсі бар.



«АТЫРАУ БУРА» ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Атырау облысы Жылыой ауданындағы "Жаңа-таң" ЖШС жағдайында "Атырау-бура" өндіруші-бұрғылау желісі шығарылды. Желіні өндірушілердің орташа тірі салмағы 845 кг, жүн қырқымы 12,5 кг. түйелердің орташа тірі салмағы 616 кг, жүн қырқымы 6,8 кг, таза талшықтың шығымы 95% кұрайды. "Атырау-бура" желісінде 2 аналық отбасы бар: "Сұлуқұм інген" және «Қоңыр інген».



«ЖАПАР БУРА» ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Атырау облысы Жылыой ауданындағы "Жаңа Таң" ЖШС жағдайында "Жапар-бура" өндіруші бұрғылау желісі шығарылды "Жапар-бура" желісінің өндірушілері орташа тірі салмағы 800 кг, жүн қырқумен 10,2 кг сипатталады. "Жапар-бура" зауыт желісінде үш аналық отбасы құрылды: «Ақ інген», "Қызыл інген" және "Мұнай інген".



«ТАУШЫҚ БУРА» ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының "Таушық" ЖШС-де сүт өнімі бағытындағы "Таушық бура" желісі құрылды. Өндірушілердің тірі салмағы 765 кг, жүн түсімі 12,0 кг. аналықтардың орташа тірі салмағы 578 кг, жүн түсімі 6,8 кг, жылдық сүт шығымы 1500 кг, майлылығы 5,3%. Маңғыстау популяциясының "Таушық-бура" қазақ бактрианының зауыттық желісінде 4 аналық - "Шетпе", "Алмас сары", "Таушық сары" және "Сағындық" тұқымдастары құрылды.



«ЖОЛ-ТУР» ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Зауыт желісі Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы "Таушық" ауыл шаруашылығы" ЖШС асыл тұқымды түйе өсіру зауытында шығарылды. Өндірушілердің тірі салмағы 830 кг, жүн қырқымы 13,8 кг. Зауыт желісінің аналықтары тірі салмағы 548 кг, жүн қырқымы 7,0 кг, лактация кезінде сатылатын сүттің сауымы 1290 кг, сүт мөлшері 5,2%. 2 аналық отбасы бар: "Қызыл жол" және "Қоңыр жол".



«ҚАЛАМҚАС 1» ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Маңғыстау облысы жағдайында (Түпқараған ауданы «Таушық» ЖШС) «Қаламқас 1» үлек-өндірушінің желісі шығарылған. Үлек-өндірушілер орташа есеппен 570 кг тірілей салмақ тартады, жүн түсімі 5,0 кг, таза түбіт шығымы 91%. Аналық түйелерінің тірілей салмағы 535 кг, жүн түсімі 4,0 кг, таза түбітінің шығымы 91%, жылдық сүт сауын мөлшері 3400 кг, майлылығы 4,2%. Қазақ дромедарын желілі өсіру нәтижесінде зауыттық желіде екі аналық жанұясы жасалған: «Қызыгүл 5» және «Гүлшат 9».



«КАСПИЙ-ҮЛЕК 80 » ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Маңғыстау облысы жағдайында (Түпқараған ауданы «Таушық» ЖШС) шығарылған. Үлек-өндірушілерінің тірілей салмағы орташа есеппен 730 кг, жүн түсімі 5,5 кг, таза түбітінің шығымы 92,7%. Аналықтары 12 айлық лактацияда 3300 кг майлылығы 4,3% сүт өнімділігін көрсетеді, 600 кг тірілей салмаққа ие, жүн түсімі 3,8 кг, таза түбіт шығымы 93,2%. Екі аналық жанұясы жасалған: «Байнар 15» және «Байдасбек 21».



«ТЕКЕЛЕ-ҮЛЕК» ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы «Нұрбол» ш/қ-да түркімен дромедары түйе тұқымының «Текеле-үлек» үлек-өндірушісінің зауыттық желісі шығарылған. Желілі үлек-өндірушілердің тірілей салмағы орташа есеппен 675 кг, жүн түсімі 5,7 кг. Аналық түйелері 12 айлық лактация кезеңінде майлылығы 3,5% болып келетін 4200 кг сүт сауын мөлшерін көрсетеді.



«ЖАНА-ҮЛЕК 1» ЗАУЫТТЫҚ ЖЕЛІСІ

«Жаңа-үлек 1» үлек-өндірушісінің желісі. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы «Нұрбол» ш/қ жағдайында «Жаңа-үлек 1» үлек-өндірушісінің желісі шығарылды. Үлек-өндірушілерінің орташа тірілей салмағы 665 кг, жүн түсімі 5,0 кг, таза түбітінің шығымы 89,5%. Аналықтарының бір лактация кезеңіндегі сүт сауыны мөлшері 4000 кг, майлылығы 3,5%. Негізгі төрт аналық жанұясы жасалған: «Ұзынқас», «Жалқыз», «Құмкент» және «Қызыл».




ИНЕР - МАЯ



Аруана тұқымының аналықтарын қазақ бактриан тұқымын өндірушілермен будандастыру арқылы алынған бірінші ұрпақ будандары сирек кездеседі, өйткені бастапқы аналық мал басы негізінен таза өсіріледі. Бірінші буын кресттерін "өздігінен" өсіру кезінде, өсіру әдісіне қарамастан, гетероз әсері гендердің бөлінуі нәтижесінде толығымен жоғалады, бұл фенотиптегі деформацияның жоғарылауына әкеледі. Сонымен қатар, бөліну нәтижесінде алынған ұрпақтар таза тұқымды формалар сияқты жоқ көптеген белгілермен ерекшеленеді.

Бірінші буын кресттері таза тұқымды жануарлардан дене өлшемдері бойынша орташа есеппен 5% - ға жоғары.

ҚОСПАҚ



Қоспақ – бұл нар-маяның бірінші ұрпағының аналықтарын бактриандардың қазақ тұқымымен сіңіру арқылы алынған түйелер тобы. Бактрианның қан құрамының үлесіне қарай қоспақ бал-қоспақ (қоспақ-1 синонимі) (бактриан 75%, дромедар 25%), мырза-қоспақ (қоспақ-2 синонимі) (бактриан 87,5%, дромедар 12,5%), нар-қоспақ (қоспақ-3 синонимі) (бактриан 93,75%, дромедар 6,25%). Бактриандардың қан мөлшері өскен сайын қоспақтарда тірі салмақтың және дененің негізгі өлшемдерінің жоғарылауы байқалады.

КЕЗ-НАР

Кез-нар – бұл қоспақ тобының аналықтарын өндірушілермен – түркімен дромедар тұқымымен кесіп өту арқылы алынған түйелер тобы. Кез-нардағы гетероздың көріну дәрежесі дене мен өнімділіктің осы өлшемдерін бастапқы түрлермен салыстыру әдісімен анықталады. Тірі салмағы бойынша кез-нарлар нар-маяның бірінші ұрпағының кресттеріне жақын және қоспақтардан асып түседі. Түйелерді ауыспалы кесіп өту кезінде гетероздың әсері байқалады.




КУРТ

Құрт – бірінші ұрпақ будандарын түрікмен дромедар тұқымының еркектерімен сіңіру арқылы өсірілетін түйелер тобы. Дромедар қанына байланысты курт бөлінеді: курт-1 (синоним жун, кохерт)-бұл кіші топтың кресттерінде сәйкесінше дромедар қанының $3/4$ және бактриан қанының $1/4$ бөлігі бар; курт II (синоним курт, сапалдырык)-87,5% дромедар және 12,5% бактриан; курт III-93,75% дромедар және 6,25% бактриан; курт - 1У (қазақ аруана) - 96,875% дромедар және 3,125% бактриан. Курт тобының кресттерінде білектердің әлсіз анықталған шеті бар бір ықшам төбе бар, ол әр жаңа буынмен жұтылған кезде аз байқалады, оның іздері 5-6 ұрпаққа дейін сақталады. Курт будандарында түрікмен дромедарына жұтылған кезде тірі салмақтың азаюы және қазақ бактрианының қан үлесінің азаюына қарай сүт шығымының ұлғаюы анықталды. Мұның бәрі сүт өнімділігі деңгейінің мұрагерлік процесінде түрікмен дромедары, ал тірі салмағы бойынша қазақ бактриандары басым екенін көрсетеді.



КУРТ-НАР



Курт-нар – бұл қазақтың бактриан тұқымды өндірушілерімен құрт аналықтарын кесіп өту арқылы алынған түйелер тобы. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының шаруашылықтарында түйе өсірушілер «ОБМжӨШҒЗИ» Түйе шаруашылығы бөлімі ғалымдарының әзірлемелерін, атап айтқанда, құрт - III және құрт-IV өндірушілерін пайдалануды енгізуде. Курт-III және курт-IV еркектері өздерінің тұқым қуалайтын бейімділіктерін қазақ типіндегі (нарт-мая, коспак, кез-нар) және түрікмен типіндегі (курт-1, курт-нар) будандармен будандастыру кезінде нақты беретіні дәлелденді.

ФЕРМЕРЛЕРГЕ ҰСЫНЫСТАР

1. Бүгінгі таңда елімізде бар түйе тұқымының генетикалық қорын пайдалану арқылы өнімділікті арттыру.
2. Етті -Жүнді бағытындағы түйелердің тұқымын пайдалану сүт саууға қолайсыз жерлерде өсетін түйе шаруашылығына осы бағттағы түйелерді өсіру тиімді.
3. Сүтті -Жүн бағытындағы түйелердің физиологиялық жағынан толық жетілген аталық пен аналықтың жүн түсімі аталықтарда 6 жаста, аналықтарда 5 жаста өзінің сүттілігі мен жүндестігін көрсетеді.
4. Түрікмен дромедарларын аталық үлектерімен шағылыстыру арқылы сүт өнімділігін арттыру, сондай-ақ қазақтың айыр өркешті түйе тұқымдарының ішінде сүтті-жүнді, етті-жүнді болып, екі бағытқа жіктелген аталық желілердің бірнеше желісі еліміздің Оңтүстік-Батыс аймағында шаруаларда өсіріліп келеді. Осы қолда бар өнімділік бағытына қарай генетикалық қорлардың аталықтарымен аналықтарыны селекциялық-асылдандыруда зоотехникалық нормативке сәйкес шағылыстырып отыруымыз қажет.

«ОБМЖӨШҒЗИ» ЖШС
Басқарма төрағасы

Эксперт



С.Ә.Қаныбеков

А.С. Тенлибаева